

"Балабақша жағдайында педагогтармен ата - аналар арасында жүргізілетін ағарту жұмыстары "

Психолог: Сайидмухаммедова А.Ш.

"Балабақша жағдайында педагогтармен ата - аналар арасында жүргізілетін ағарту жұмыстары "

Шығармашылық есеп

Балабақшада тәрбие мен білім беру үдерісінде ата-аналарға психологиялық көмек беру.

Адамзат қауымы бүгінгі жаһандану заманында талапшы болып кеткені мәлім.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі бүлдіршіндер, педагог оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан педагог қауымына жүктелер міндет ауыр»-деген болатын өзінің халыққа жолдауында. Қазіргі заман педагогына тек өз білімінің білгірі болу емес, сонымен қатар педагогикалық-психологиялық сауаттылығында алға тартыды.

Отбасы және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары – баланы әлеуметтендірудің маңызды екі институты. Олардың тәрбиелеу міндеттері әр түрлі,бірақ баланың жан-жақты дамуы үшін олардың өзара байланыста болуы қажет. Балабақша бала тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Мұнда ол білім алады, өңге балалармен, ересектермен бірлесіп әрекеттену, өз әрекетін ұйымдастыру іскерлігін меңгереді. Алайда баланың бұл деңгейлерді қаншалықты нәтижелі меңгеруі отбасының балабақшаға қарым-қатынасына байланысты. Ата-ананың білім беру үдерісіне белсенді араласуы арқылы ғана баланың толыққанды дамуы іске асады.

Бала тәрбиесі мәселесінде ата-ананың жауапкершілігі күшті. Отбасы – балаға «эмоционалдық тылда» психологиялық қорғау беретін бірден-бір алғашқы социум. Әрбір бала өз ата-анасынан, әжесі мен атасынан, бауырларынан ерекше сүйіспеншілік күтеді: яғни оны үлгілі тәртібі мен қылығы үшін емес, қандай болса солай сүйгенін қалайды, себебі әке мен шеше, ата мен әже, ана мен ағалар баланың ең алғаш тәрбиешілері. Балалар үйде көрген өнегесін балабақшадан алған білім, тәрбиесімен толықтырады, жанұяда болып жатқан сан алуан ірілі ұсақты оқиғалар, ата-ананың баламен сөйлесуі, үй шаруасының істелуі, әке мен шешенің еңбекке көзқарасы, демалысты қалай ұйымдастыруы, өздерінің туыстары мен жолдастарына

Осыра сипалы қарым-қатынас, өзара сыйластық, әлемге деген түсіністік көзқарас және оның тиімділік ықпалын ұзақ уақыт бойы сезіну, бір-біріне серіктестік барлық қатысушыларға жағымды әсер ететіндей болуы тиіс, сонда ғана тәрбие мен білім беру өз нәтижесіне жетеді. Осы орайда, балабақшада ата-аналармен ұйымдастырылған жұмыстың формасы мен әдістері олардың педагогикалық, психологиялық білімдерін көтеру мақсатында жүргізіледі. Балабақшада ата-аналармен жүргізілетін жұмыс:

- ата-аналар жиналыстары
- конференциялар
- семинарлар
- дәрістер
- жеке, тақырыптық кеңестер
- тренинг
- дөңгелек үстел
- ата-аналар клубы

Балабақшада ата-аналар жиналыстары: «Отбасының бала тәрбиесіндегі маңызы», «Балалардың балабақшаға бейімделуі», «Балалардың жас ерекшелік психологиясы» т.б. тақырыптарында өткізіліп, балабақша жұмысының негізгі бағыттары таныстырыла отырып, бала тәрбиесі жайындағы бивадамалар, ата-аналарға ұсынылып, педагогтармен ата-аналардың негізгі біріккен іс-әрекет түрлері дамып, балаларды үйде және балабақшада тәрбиелеу мәселелері қозғалып, бала тәрбиесіне баса назар аударылуы керек. Балабақшада жүргізілген ата-аналар конференциясының негізгі мақсаты отбасылық тәрбиелеу мен білім берудің тәжірибесімен бөлісу. Ата-аналарға арналған «Жан саулығы денсаулық», «Дәрігер кеңес береді», «Баланың мектепке дайын ба?» т.б. тақырыптарда жүргізілген әр түрлі іс-шараларда болашақ қоғамның азаматтарының тәрбиелеудің өзекті мәселелері болып табылады.

Психологиялық көмек адам өмірінің барлық кезеңдерінде қатар жүретін уақыт жетті. Балабақшадағы психологиялық қызметке дұрыс әлеуметтік сұранысты қалыптастыру мақсатындағы міндет – педагогикалық ұжымды, балаларды және ата-аналарды психологиялық ағарту арқылы, сұраныс иелерін психолог жұмысының түрлерімен, бағыттарымен құқықтары және міндеттерімен таныстыру арқылы, бүкіл педагогикалық ұжымды психологиялық қызметтің жұмыс стратегияларын жасауға қатыстыру болып табылады. Мектепке дейінгі мекемеде психологиялық қызмет құру қажеттілігінің себептері:

- Баланың қабілеттерін ашуға, дамуында, бойындағы нәзікділіктерін байқауға, баланың психологиялық және жеке тұлғалық дамуындағы болатын кемшіліктерінің алдын алуға психологиялық көмектің маңызы зор;
- Балалардың толық құнды тұлғалық және интеллектуалды дамуына әсер етеді;
- Әр балаға жеке көңіл бөлуді қамтамасыз етеді
- Мектепке дейінгі жалпы білім берудің бағдарламасымен қатар жүреді;

ықылдасы, қонақ қабылдауы, бәрінде балаларға әсер етеді. Олардың мінез-құлпын, тәрбиесін қалыптастырады.

Мектепке дейінгі білім мекемелеріндегі педагог-психолог маманының тәрбиеленуші бүлдіршіндердің ата-аналарымен жүргізілген теориялық-әдістемелік іс-шараларының тәжірибелік жұмыс формалары ұсынылған.

Отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасқа аса көңіл бөліп, зерттеп, танып білу арқылы ата-аналарға психологиялық - педагогикалық тұрғыда көмектесу бағытын анықтауға мүмкіндік береді.

Педагог-психологтардың ата-аналарға қажетті әрі тиімді әдістерді таңдап алуын қамтамасыз ететін диагностикалық құрал.

Отбасылық тәрбиенің рухани-адамгершілік аспектісіне басты назар аударып, отбасылық тарихын зерттеу үрдісін қызықты, сауатты түрде жүргізіп, отбасының ұрпақтарын біріктіретіндей әдістерді ұсынады (кеңес беру, дөңгелек үстел, мейірбан ата-аналар клубы).

Ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету дегеніміз не?

Адам баласы - өмір бойы педагогикалық, психологиялық көмекке қару болмақ, әсіресе оның нәрестелік, сәбилік, балалық шақтарында ауадай қажеттілік деп айтсақ та болады. Сондықтанда баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беруде отбасы мен балабақшаның бірлескен отара тығыз байланыста, яғни ынтымақтастықта болуы маңызды. Қазіргі кезеңде бала тәрбиесі жүзеге асыруда тәрбиеленудің дұрыс жолын табу үшін ата-аналармен семинар-кеңестер, тренингтер, кездесулер, сауалнамалар ұйымдастырудың үлкен көмегі бар. Адамгершілік қасиетті бала бойына сіңіру балабақша мен ата-аналардың педагогикалық ынтымақтастығы арқылы жүзеге асырылады. Педагог ғалымдардың тұжырымдарына сүйенсек тұлғаның қалыптасу нәтижелілігі ең алдымен отбасындағы өнегеге байланысты екенін білеміз. Отбасылық тәрбиелеудің басымдылығын тану дегеніміз-отбасы мен мектеп жасына дейінгі мекеменің жаңа қарым-қатынасын талап етеді. Бұл қарым-қатынастың жаңашылдығы «ынтымақтастық» және «отара қарым-қатынас» деген түсініктермен анықталады.

Тәрбиенің негізі отбасында қаланады да, одан әрі балабақшамен байланыс арқылы жалғасын табады. Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу отбасында және мектепке дейінгі ұйымдарда жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымда балалар тәрбиелене отырып, ойын, оқу іс-әрекеті барысында білім алады. Отбасы мен мектепке дейінгі ұйымдардың алдына қойған мақсат, міндеттері ортақ. Ол-білімді, сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Отбасы-бұл баланың өмір сүру ортасы, қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен қарнайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орын. Отбасы мен педагогикалық ынтымақтастық-баланың қанағаттану деңгейімен тәрбиенің жұмысының сапасын арттырады, ол төмендегі жағдайларға негізделеді.

онда тек қандай да бір психологиялық механизмдер мен заңдылықтарды анықтап қана қоймай, нақты бір баланың жеке адам болып қалыптасу жүйесіндегі механизмдермен заңдылықтардың дамуының психологиялық шарттарын көрсетеді.

Қолданбалы аспекті – білім беру қызметкерінің психологиялық білімді қолдануын көздейді, білім беру қызметтерінің психологиялық білімдерді қолдануын білдіреді. Бұл бағыттың негізгі өкілдері: тәрбиешілер, педагогтар, әдіскерлер. Олар өздері дербес немесе психологпен біріге отырып, жаңа психологиялық мәліметтерді оқу бағдарламасын, жоспарын, оқулықтарын, дидактикалық және әдістемелік материалдарды жасауды, оқу және тәрбие бағдарламасын құруда қолданылады.

Практикалық аспекті – мұны балабақша, мектеп, білім беру мекемелерінің психологтары қамтамасыз етеді. Олардың міндеті: балалармен, топпен, сыныппен жұмыс, белгілі бір нақты міндетті шешуде тәрбиешімен, ата-анамен, мұғаліммен жұмыс жүргізу. Білім беру орындарының, оның ішінде бала-бақша, мектеп және басқа да білім беру жүйесінің қызметкерлері жүзеге асырады. Олардың міндеті – қандай да бір нақтылы мәселелерді шешу үшін балалар тобымен, тәрбиешілермен, мұғалімдермен және ата-аналармен жұмыстар жүргізу. Олардың міндеті жаңа әдістер құру емес, керісінше, ғылыми түрде бекітілген әдістер мен тәсілдерді кәсіби түрде дұрыс қолданып өңдей білу.

Ұйымдастыру аспектісі – бұл білім берудегі психологиялық қызметтің құрылымын жасау. Практикалық психологтардың білімін жетілдіру және олардың кәсіби әрекетін қадағалау. Бұл бөліктер иерархиялық байланыста бола отырып мынадай топтардан тұруы мүмкін: тәжірибелік психологтар, психологиялық қызметтің ғылыми-әдістемелік бөлімі (орталықтар, кабинеттер), республикалық немесе федералдық білім беру министрлігіндегі психологиялық қызмет бөлімдері. Тек түбегейлі түрде ұйымдастырылған бөлім қызметкерлері ғана білім беру жүйесіне білікті психологиялық қызмет көрсете алады. Балаларға, ата-аналарға, мұғалімдер мен білім беру орындарына нақтылы түрде көмек көрсете біледі.

Білім беру саласындағы психолог жоғары білімді, біліктілік санатқа не, еңбекақысы, зейнет кепілдігі мен кезекті демалысы бар, кәсіби құқықтар мен кепілдіктерге не, нақты білім мекемесінің педагогтарына теңестірілген маман болып табылады. Қызмет саласы бала-бақша, кәсіби, орта білім беретін мектептер, балалар үйі, интернаттар, түзету ұйымдары, аудандық, қалалық, облыстық, аймақтық білім беру психологиялық орталықтары.

Әр түрлі салалығы, аудандық, қалалық, аймақтық білім беру психология орталықтарындағы білім мекемелерінің психологиялық қызмет көрсету саласы қызметкері ретінде психологиялық жоғары білімі бар, арнайы курстарда қайта даярлаудан өткен, тұрғылықты жердің әлеуметтік-мәдени, этноерекшелігін толық білетін жоғары білімді мамандар жұмыс істей алады. Әр білім беру мекемесінде кемінде бір психолог қызмет етеді. Егер баласыны 300-ден көп болса, онда жүктемесі артады. Мүмкіндіктері шектелген

- Мектепке дейінгі мекемедегі психологиялық климаттың жағдайы болуын қалыптастыруға жәрдем жасайды;
- МДМ-нің педагогикалық ұжымының мүшелеріне және балалардың ата-аналарына уақытында психологиялық көмек көрсетеді.
- Балалардың мектепке дайын болуына психологиялық әсер етеді.
 - Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйес таным процесстерінің деңгейін анықтауға бағытталған психологиялық – педагогикалық диагностика жүргізіледі.
 - Педагогикалық–психологиялық дамыту жұмысы жыл бойы жүзеге асырылады және жұмыстың белгілі бір кезеңіне сәйкес нақты мазмұнмен толықтырылады.
 - Педагогтармен және ата-аналармен жүргізілетін кеңес беру жұмысы-откізілген психодиагностикалық жұмыстың нәтижесін талқылау, педагогтың немесе ата-аналардың нақты сұранысына байланысты жыл бойы жүргізіледі.
 - Оқыту үдерісін модификациялау және оқыту әдістемелерін жетілдіруге бағытталған әдістемелік құралдар шығарады.
 - Қиындықтарға тап болған балаларға көмек көрсетуге бағытталған психокоррекцнолық оқу іс-әрекеттің ұйымдастыру.

Бұл қиындықтар баланың мінез-құлбығында, дамуында көрінуі мүмкін. Көмек жеке немесе топтық (инклюзивті топтармен) психокоррекцнолық жұмыстар барысында көрсетіледі.

- Сәтті бейімделуге көмектесетін әлеуметтік және педагогикалық шарттарды құру мен оқу-тәрбиелік үдерісті жетілдіруге бағытталған педагогикалық ұжыммен жүргізілетін ұйымдастырушылық-кеңесшілік жұмыс.

Педагог-психолог жұмысының негізгі бағыттары психологиялық ағартушылық, психологиялық алдын алу, психологиялық және психо-педагогикалық диагностика, дамыту және психотүзету жұмыстары, психологиялық ақыл-кеңес беру болып табылады.

Психологиялық ағартушылықтың негізгі мағынасы тәрбиешілер мен ата-аналарды баланың психологиялық дамуына жағдай жасаудың негізгі заңдылықтары мен шарттарымен таныстыруда жатыр.

Ағартушылық жұмыстың тақырыптық мазмұны ата-аналар мен тәрбиешілердің қалауынша болса, психологтың да қалауынша болуы мүмкін. **Психологиялық алдын алу** баланың даму процесісі, қандай да дағдыларының қалыптасуы, пайда болған қиыншылықтары туралы уақытында хабарлауды қарастырады.

Психологиялық диагностика — бұл балаларды МДМ болған уақыт ішінде тереңдетілген психолого-педагогикалық тұрғыда бақылау, олардың оқыту және тәрбиелеу үрдісі кезінде жеке мүмкіндіктерін анықтау, педагогтарға ұсыныстар жасау және ата-аналарға тәрбиелеу, оқыту және дамуға

байланысты сұрақтарды шешуге жәрдем көрсету. Диагностика әңгімелесу, бақылау, сауалнама алу, баланың шығармашылығын талдау, тестілеу түрінде өткізіледі.

Дамыту және психотүзету жұмыстары өз жұмысында балалармен, ата-аналармен, тәрбиешілермен толық құнды психологиялық және тұлғалық дамуды қамтиды. Топпен, жеке, тренинг сабақтар, дарынды балалармен жұмыс мектепте оқуға даярлау жұмыстары жүргізіледі.

Ақыл-кеңес беру жұмысы ата-аналармен және педагогтармен ұсыныс жасау түрінде өтеді.

Неміс психологы В. Штерннің есептеуінше, бала сәби шағында осы маған керек болды-ау деген ұғыммен білім мен тәрбие алмайды және жоспарлы түрде ұмтылмайды. Бала үш жасқа дейін «өз жоспары» бойынша, бес-алты жасқа келгенде ғана үлкендердің қозғауымен жүретін оқыту процесіне саналы түрде қатысады. Ол кезеңдегі тәрбиелі жұмысты баланың психикалық даму ерекшелігін ескере отырып жүргізілген абзал. Себебі – баланың болмысына түсетін сәлеметті жеңілдеті отырып, бағдарламалық тапсырмаларды тиімді жолдармен беру болып табылады. Тәрбиешілер мен психологтың балалармен жеке тұлға ретінде қарым-қатынас жасауының арқасында баланы өзі туралы айтуға, өзінің сезімі, ойы, әдеті туралы әңгімелесуге, оны өзі елегінен өткізіп баға бере білуге, тек өзіне ғана емес, жанындағы адамдарға да көңіл аудартып, оларды өзінің табиғи бағмысымен қабылдап, ізгі ниет ықылас таныта білуге, эмоционалдық көңіл-күй мен мінез-құлықты ұғына білуге үйретуден басталады.

Психологиялық қызмет төрт құралмен бөліктен тұрады: ғылыми; қолданбалы; практикалық; ұйымдастырушылық.

Бұл аспектілердің әрқайсысы орындаушыдан арнайы кәсіби дайлықты талап ететін міндеттерді шешуден тұрады.

Ғылыми аспект - әдіснама және практикалық психология мәселелері бойынша ғылыми зерттеуді жүргізуді көздейді. Мұндағы міндеттің бірі: психодиагностикалық, психокорекциялық, психопрофилактикалық немесе психологиялық алдын алу және дамытушы бағдарламаға психологиялық білімді қазіргі білім берудің нақты жағдайында кәсіптік қолдануға ғылыми негіз беру және оларды жасау болып табылады. Демек, білім берудің тәжірибелік психологиясы туралы теориялық және әдістемелік мәселелері бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуді білдіреді. Білім берудің тәжірибелік психологиясы психикалық дамудың және ерекшеліктің заңдылықтарының индивидуалды түрде көрінуін, оқушы жасындағы балалардың психологиялық, депсаулығының негізі болатын жеке адамдық және индивидуалдық даму шарттарын қарастырады. Бұл жерде міндет ретінде, психодиагностикалық және дамытушылық бағдарламалардың операциялдық түрде құрылуы мен ғылыми түрде негізделуі, сонымен қатар психологиялық білімдерді, қазіргі білім беру жүйесінің нақтылы жағдайларында, құралдарды, тәсілдерді, әдістерді кәсіби түрде қолдануды айтуға болады. Бұл зерттеу жұмыстарының академиялықтан айырмашылығы,

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты — балада» деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдыретті сөздің олшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне маң бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі данқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты — тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің маңі — өз ұрпағы. Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те қиын, қырсыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол — бала тәрбиесі. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз — ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер — жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бұлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өңі жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғытып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырманың аяғына дейін орындауына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Өстіп баланың бірте-бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді. Орынсыз ұрысу, теку, сұрақтарына дәрексіз, келте жауап беру немесе әділ талап қоя алмау ата-ананың беделін түсіреді. Ата — ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды.

Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасақ. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан сөз айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шешеге үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн.

Негізінен жанұяның шырқы бұзылған, ата-анасы бірін-бірі түсініспей ажырасу, жеренішті көріністі, ондағы айқай-шу мен дау-жанжалға, ұрыс-керіске шыдап жүре бермек. Басқа өмір ансайды немесе теріс тәрбиеге тез бой алдырып үлгереді, егер осы теріс жолға мұқабә бет бұрып кетсе, онда бәйтеректің бір бұтағы қисық өсті дей беріңіз. Бақытсыз қыз, бұзақы ұл осыдан шығады. Сонда негізгі кінәні кімнен іздейміз?! Бұзақылықтың басы бос жүруден басталады.

мазмұнымен жақсы таныс болуы қажет. Отбасы жүйесін бағалау үшін отбасы мүшелерінің жеке ерекшеліктерін де ескере білуі шарт.

Екіншіден, әрбір отбасы мүшесінің отбасындағы қарым – қатынасын анақтаумен қатар, отбасын жүйелік бағыттар негізінде де бағалау керек. Отбасы, әсіресе оның ересек мүшелері балаға үлкен ықпал етеді. Отбасындағы құндылықтар жүйесін бала өз өмірінің алғашқы жеті жылында ата – аналарымен қарым – қатынасының арқасында меңгереді. Оның құрбы – құрдастарымен және педагогтармен қарым – қатынасы белгілі бір себептермен осы құндылықтар жүйесін тарлатады, кеңейтеді немесе өзгеріске ұшырауына ықпал етеді. Отбасы мүшелерінің баланы жеке қасиеттері бар жаңды нәрсе ретінде қабылдауға бейім болуы баланың өзі жайлы түсініктерінің қалыптасуына мәнді түрде ықпал етеді.

Диагностикалаудың үшінші деңгейі отбасы мен қоғамның арасындағы қарым – қатынасын бағалауға бағытталған. Отбасын аралық сфера ретінде қарастыруға болады, бір жағынан оның мүшелерінің жеке қажеттіліктері, екінші жағынан – қоғамның талаптары мен мүмкіндіктері шектеп отырады. Отбасы өзінің мүшелерінің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін, сонымен қатар, әлеумет талаптарына сәйкес мінез – құлқыны реттеп отыруға ықпал ететін механизм ретінде қызмет атқарады десе де болады. Отбасылық психолог қандай да бір отбасының қандай әлеуметтік ресурстарға бағынатынын жеткілікті түрде түсінуі қажет. Жеке жағдайларда отбасы әлеуметке ықпал етуі қажет, әсіресе, өз ортасына. Көптеген отбасылар баланың балабақшада мінез – құлқының өзгеруіне байланысты немесе қандайда бір мінез-құлықтағы өзгерістерді байқағанда психологиялық көмек сұрап келеді. Соның барысында мұндай шет олардың тараптанп емес, балабақшаның тарапынан басталатынын түсінеді. Ата-аналар балабақша балаға жеткілікті түрде қолдау көрсетпейді немесе жоғары талаптар қояды деп шындықтан мүмкін. Тәжірибеде кейбір отбасылардың білім ордаларында тәрбие мен білім беру үдесіндегі балаға қойылатын талаптарға көзқарастары төмен болады. Міне осындай ата-аналар балабақшаны баланы қолдайтын әлеуметтік орта ретінде емес, керісінше балаға жағымсыз орта ретінде көреді. Осындай отбасын бағалай отырып, психолог ата-анасы баланы қорғаймын деп, оның тәрбие ортасына деген қатынасына нүктені келтіріп отырғанын түсінеді. Қоғамның отбасыға ықпалын жақсы білетін психолог маман, балабақша қызметкерлерінің осы сияқты отбасыларға көңіл аудара білуіне түрткі жасауға ұмтылады. Ал мүлдем басқа көзқарастағы психолог маман балалардың балабақша талаптарын орындауына және тек осы балаларды немесе отбасын психологиялық ықпалдың нысаны ретінде таңдауды ұсынар еді.

Мұндай бағалаудың маңызды жағы маманның отбасының мүшелеріне оны қоршаған әлеуметтік ортасы қалай ықпал ете алатынын саналы түрде түсіну болып табылады. Бұл отбасын қоршаған әлеуметтік ортаны отбасы мүшелеріне әртүрлі міндеттерді шешуде көмектесетін қосымша ресурс ретінде немесе шешім қабылдауда қиындық тудыратын кедергі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.


балалармен жұмыс істеу мекемелерінде 80 адамға бір психолог тағайындалып, кемістіктің күрделілігіне байланысты балалар саны азайтылады.

Практикалық психолог нақты оқыту мекемелерінде жұмыс істейді. Мұнда психолог оқыту кезеңі барысында балалардың жеке-дара психологиялық ерекшеліктерін зерттейді. Өр баланың дұрыс дамуына жағдай жасайды. Баланың жалпы педагогикалық-психологиялық дамуындағы кемшіліктердің себептерін, тәртіптілігіндегі бұзылыстарды анықтап, түзетін алтын алады. Тәрбиешілерді, педагогтарды, білім беру мекемелерінің әкімшілік қызметкерлерін, ата-аналарды психологиялық біліммен қаруландырады, психологиялық білімін көтереді.

Өз іс - әрекетінде маман несі психотерапияның стратегиясын құруға және өміне бағыт – бағдар болатын нақты теориялық түсініктер жүйесінің мазмұнына сүйенуі қажет. Бірақ бұл психологтың интуициялық, шығармашылық мүмкіндіктерінің ролін шектемейді, керісінше, оның іс - әрекетіне нақты болжам жасауға және бақыламаңдығының мазмұндылығын арттыруға мүмкіндік береді. Көптеген мамандар отбасының толық құрамымен жұмыс істеуден қашқактайды, өйткені келенсіздіктер мен қобалжуды сезінеді. Нақты теориялық бағыттар маманға өз - өзіне сенімді ұстауға көмек береді.

Отбасымен жұмыс істеу барысында психолог отбасы мүшелерінің мінез – құлықтары мен қарым – қатынасын түсінуге мүмкіндік беретін теориялық түсініктермен қарулануы қажет. Осыған сүйене отырып, психолог отбасы жүйесіндегі байқалатын қандай да бір ауытқушылықтарды анықтай және талдай алады. Өз кезегінде, дұрыс жүргізілген диагностика психотерапиялық ықпал етудің бағдарламасын құруға көмектеседі. Отбасылық психолог отбасы ішіндегі қарым – қатынасты талдай білуі үшін жан – жақты әрі терең теориялық біламен қарулануы қажет. Жүйелі түсініктер сонымен қатар сипаттау мүмкіндіктеріне ие болады. Басқа түсініктер маманның диагностикалық мүмкіндіктерінің шегін қысқартады. Отбасын жүйелі бағалау *үш деңгейлі диагностиканы* болжайды.

Біріншіден, психолог әрбір отбасы мүшесінің жеке ерекшеліктерін және осы ерекшеліктердің отбасы ішіндегі қарым – қатынасы қалай ықпал ететінін бағалауы қажет. Сонымен қатар ол отбасының әр мүшесінің психологиялық құрылымының ерекшеліктерін түсінуге көмек беретін психодинамикалық, гуманистік және танымдық – мінез – құлықтық түсініктерді қолдана алады. Олардың отбасыға тұтастай құрылым ретінде қандай ықпалы бар екенін түсінуі қажет. Бұл үшін психолог теориялық түсініктердің жетік жүйесін меңгеруі шарт. Баланың туғаннан, өзіне басқа отбасы мүшелерінен ерекшелен тұратын, темпераменті болатынын ұмытпау қажет. Қандай да бір отбасы мүшесінің отбасындағы қарым – қатынасы ықпал ететінін түсіну үшін, оның темпераментінің ерекшеліктеріне назар аудару қажет. Сонымен қатар, сол отбасы мүшесінің дене құрылымын, интеллектуалды қабілеттерін, отбасының өміріне ену уақытын да ескеру маңызды. Отбасылық психолог барлық психологиялық және мінез – құлықтық компетенциялардың



- ▶ "Билимге жаңуу - бекетке бекет" дөңгелек үстелі
- ▶ "Балабақшада ата-аналарды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу" дөңгелек үстелі
- ▶ "Жан саулығы - денсаулық" түрліше
- ▶ "Дәрігер кеңесі" түрліше

Мейірбан ата-аналар клубы

- Бала дамуы мен тәрбиесі жайында ата-аналарға арналған ақпараттық кағаздар берілді;

- «Баланың балабақшаға бейімделу кезеңінде естен шығармаған абзал»
- «Баланың балабақшаға бейімделуі»
- «Баланың балабақшаға тейрек үйренуі үшін не істеу керек?»
- «Психологиялық саулық»
- «Ата-анаға баласының жалынама»
- Балаға «Мен сені жақсы көремін» деп айтудың 55 тәсілі
- «3 жас дағдарысы»
- «Капризы қарауыз»
- «Здоровье не все, но все без здоровья – ничто»
- «Что подарит ребенку на новый год?»
- «Памятка родителям о воспитании детей»
- «Зимние игры на улице»
- «Мальчики и девочки два разных мира»

Педагогтармен жүргізілген психологиялық ағарту жұмыстары

- ▶ "Адамдар ортасында өмір сүру шеберлігі"
- ▶ "Менің идеялы ұжымым"

Психологиялық ағарту жұмыстарының формалары:

- Топтық
- Жеке
- Көрнекілік , ақпараттық

Топтық ағарту жұмыстарының тақырыптары:

- ▶ *Баланы отбасында мадақтау мен жетілдіру*
- ▶ *Отбасындағы қарым-қатынастың құпиялығы*
- ▶ *Мектепке психологиялық дайындық дегеніміз не?*
- ▶ *Баланың балабақшаға бейімделуі*
- ▶ *Қиын балалармен өзара қарым-қатынас пен сабақтастық ерекшелігі*
- ▶ *Дағдарыс кезеңдері және одан шығу жолдары*
- ▶ *Психологиялық дамуына ата-ананың нұқпаты*
- ▶ *Педагогтармен қарым-қатынас жасау барысында баланың жеке дамуына оңтүімді жағдай тудыру жолдары*
- ▶ *Психологиялық педагогикалық бағалау: жетілдіру мен мадақтаулар*


- *Біздің балаларымыздың достары*

Жеке жүргізілетін кеңестерде туындайтын мәселелер

- ▶ *Баланың балабақша жағдайына бейімделуі*
- ▶ *Баланың мінез-құлқындағы ауытқушылықтар*
(шамадан тыс ашушандық, қыңырлық, еркелік, қырсықтық т.б.)
- ▶ *Бала бойындағы қорқыныш, үрей*
- ▶ *Таным процестерінің дамуындағы тежелулер (зейін, ес т.б.)*
- ▶ *Отбасындағы кикілжің*
 - ▶ *Баланың толық емес отбасында тәрбиеленуі*
 - ▶ *Баланың сөйлеу тіліндегі мүжіеттік*
 - ▶ *Психодиагностикалық жұмыстардың мониторингі қорытындысы бойынша кеңестер*

2014-2015 оқу жылында (3-7жас)

180 ата-анаға психологиялық көмек көрсетілді



Көп кездескен отбасылық мәселелер

әдістері олардың педагогикалық, психологиялық білімдерін көтеру мақсатында жүргізіледі. Балабақшада ата-аналармен жүргізілетін жұмыс:

- ата-аналар жиналыстары
- конференциялар
- семинарлар
- дәрістер
- жеке, тақырыптық кеңестер
- тренинг
- дөңгелек үстел
- ата-аналар клубы

Балабақшада ата-аналар жиналыстары: «Отбасының бала тәрбиесіндегі маңызы», «Балалардың балабақшаға бейімделуі», «Балалардың жас ерекшелік психологиясы» т.б. тақырыптарында өткізіліп, балабақша жұмысының негізгі бағыттары таныстырыла отырып, бала тәрбиесі жайындағы баяндамалар, ата-аналарға ұсынылып, педагогтармен ата-аналардың негізгі біріккен іс-әрекет түрлері дамып, балаларды үйде және балабақшада тәрбиелеу мәселелері қозғалып, бала тәрбиесіне баса назар аударылуы керек. Балабақшада жүргізілген ата-аналар конференциясының негізгі мақсаты отбасылық тәрбиелеу мен білім берудің тәжірибесімен бөлісу. Ата-аналарға арналған «Жан саулығы денсаулық», «Дәрігер кеңес берелі», «Баланың мектепке дайын ба?» т.б. тақырыптарда жүргізілген әр түрлі іс-шараларда болашақ қоғамның азаматтарын тәрбиелеудің өзекті мәселелері

Балабақшада тәрбиелеу мен білім беру үдерісінде ата-аналарға психологиялық көмек беру бағыты ол психологиялық ағарту жұмыстары.

Психологиялық ағарту - педагогтарды, ата-аналарды психологиялық біліктілікке баулу. Ересектерге психологиялық қызметтің бағыты - ағарту жұмыстары арқылы балаларды тек қана өмірге дайындау емес, оларға қазіргі таңның өзінде бақытты, арайлы өмір жағдайын туғызу қажеттігін насихаттау.

Психологиялық ағартудың негізгі мағынасы

- Баланың психикалық дамуының сәтті шарттарымен, заңдылықтарымен тәрбиешілерді, ата-аналарды таныстыру
- Жаңа психологиялық зерттеулерді таныта отырып көпшілікке таныту
- Психологиялық білімге деген қызығушылықтарын ояту

Психологиялық ағарту жұмысының сипаты:

Білімділік

Психолог балалармен жұмыс істей отырып, ол балалардың типологиялық ерекшеліктері мен онтогенездегі жеке тұлғаның динамикалық дамуы туралы мағлұматтарды жинақтайды

Аздыр алу

Ата-аналар мен педагогтардың психологиялық сауаттылығын дамыту, жас және баланың жекелік психикалық ерекшеліктерін психологиялық саулығын сақтау туралы білімдерін кеңейту

Кейде балабақшаны жп қалдыруға әртүрлі сылтауларды үлкендердің өзі үйретіп отырады. Бұл жағдайда балаға өтірік айтуды үйретіп отырған аңсармай да қалуы мүмкін. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі той. Иә, «Үйда не көрсен ұшқанда соны ілерсің» демекші ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау — ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала — әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік.

Адам баласы- өмір бойы педагогикалық, психологиялық көмекке қару болмақ, әсіресе оның нәрестелік, сәбилік, балалық шақтарында ауадай қажеттілік деп айтсақ та болады. Сондықтанда баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беруде отбасы мен балабақшаның бірлескен өзара тығыз байланыста, яғни ынтымақтастықта болуы маңызды. Қазіргі кезеңде бала тәрбиесі жүзеге асыруда тәрбиеленудің дұрыс жолын табу үшін ата-аналармен семинар-кеңестер, тренингтер, кездесулер, сауалнамалар ұйымдастырудың үлкен көмегі бар. Адамгершілік қасиетті бала бойына сіңіру балабақша мен ата-аналардың педагогикалық ынтымақтастығы арқылы жүзеге асырылады. Педагог ғалымдардың тұжырымдарына сүйенсек тұлғаның қалыптасу нәтижелілігі ең алдымен отбасындағы өнегеге байланысты екенін білеміз. Отбасылық тәрбиелеудің басымдылығын тану дегеніміз-отбасы мен мектеп жасына дейінгі мекеменің жана қарым-қатынасын талап етеді. Бұл қарым-қатынастың жанашылығы «ынтымақтастық» және «өзара қарым-қатынас» деген түсініктермен анықталады.

Тәрбиенің негізі отбасында қаланады да, одан әрі балабақшамен байланыс арқылы жалғасын табады. Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу отбасында және мектепке дейінгі ұйымдарда жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымда балалар тәрбиелене отырып, ойын, оқу іс-әрекеті барысында білім алады. Отбасы мен мектепке дейінгі ұйымдардың алдына қойған мақсат, міндеттері ортақ. Ол-білімді, салауатты, сивалы ұрпақ тәрбиелеу.

Отбасы-бұл баланың өмір сүру ортасы, қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орын. Отбасы мен педагогикалық ынтымақтастық-баланың қанағаттану деңгейімен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырады, ол төмендегі жағдайларға негізделеді.

Өзара сапалы қарым-қатынас, өзара сыйластық, әлемге деген түсіністік көзқарас және оның тиімділік мақсалын ұзақ уақыт бойы сезіну, бір-біріне серіктестік барлық қатысушыларға жағымды әсер ететіндей болуы тиіс, сонда ғана тәрбие мен білім беру өз нәтижесіне жетеді. Осы орайда, балабақшада ата-аналармен ұйымдастырылған жұмыстың формасы мен

► “Мерекелер күндері қарсаңында балабақшада болатын іс-шаралардың жүргізушілерін психологиялық қолдау мақсатында берілетін кенестер”

Көрнекілік, ақпараттық ағарту жұмыстары

Бала дамуы мен тәрбиесі жағында тәрбиешілерге арналған ақпараттық қағаздар, буклеттер. Топтың құрылуына коммуникативтік ойындар; танымдық ойын жаттығулары т.б.

- «Балалар мен тәрбиешілердің бір-бірімен жақын танысуына арналған ойындар»
- «Баланың балабақшадағы алғашқы күндері, бейімделу деңгейлері мен критерийлері»
- «Балалардың бойында өзіне деген сенімділік қалыптастыру»
- «Коммуникативтік ойындар» жыйынтығы
- Әр топтың жас ерекшелігіне сай «Таным процестерінің дамуына арналған ойындар» жыйынтығы
- «Балабақшада болатын іс-шаралардың жүргізушілерін психологиялық тұрғыда қолдау»

Педагог психолог: Сайидмухаммедова А.